



Автор: Сейтжанова Закия Кыдыралиевна
Пән: Дүниетану. Тарих компоненті
Сынып: 2-сынып
Бөлім: Қоршаған орта
Тақырып: Адам өміріне ауа райының әсері

Сабақтың тақырыбы	Адам өміріне ауа райының әсері
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	2.2.2.1 ауа райының адам өмірі мен шаруашылық іс- әрекетіне оң және кері әсерін талдау
Сабақтың мақсаттары	Барлық оқушылар: Ауа райының адам өмірі мен шаруашылық іс әрекетінет әсерін талдайды. Көптеген оқушылар: Ауа- райының адамға және оның іс- әрекетіне оң және теріс әсерін анықтайды; Ауа- райының шаруашылық іс- әрекетіне оң және теріс әсерін анықтайды. Кейбір оқушылар: Өзі тұратын мекеннің ауа-райын сипаттайды, талдай алады.
Ойлау дағыларының деңгейі	Білу және түсіну, қолдану
Бағалау критерийлері	Ауа райының адам өміріне іс-әрекетіне оң және кері әсерін анықтай алады Ауа райының шаруашылық іс-әрекетіне оң және кері әсерін анықтай алады Ауа райына байланысты халықтық ырымдар мен болжамдарды біледі Өзі тұратын мекеннің ауа-райын сипаттайды, талдай алады.
Құндылықтарды дарыту	-Өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау; - жауапкершілік; - денсаулық, достық және айналадағыларға қамқорлық көрсету;
Пәнаралық байланыс	Сызық түрлерін салу (көркем еңбек) Мақал-мәтелдерді орынды жерде қолдану. (Әдебиеттік оқу)
Тақырып бойынша алдындағы білім	тұсбағдар туралы біледі, көкжиек бағыттарын анықтай біледі, тұсбағдар көмегімен көкжиек бағыттарын анықтай алады.
Тілдік құзыреттілік	Пәнге қатысты лексика мен терминология Ауа райы түрлері; мәселен,ыстық,салқын,ылғалды және т.б Диалогқа/жазылымға қажетті тіркестер Осындағы ауа райы қандай? Ауа райының ерекшелігі неде?

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы
(2 минут)

Ширату жаттығулары.

(Ұ).Төрт бұрышты »әдіс (топқа бөлу мақсатында)


Нұсқау: оқушыларға түрлі суреттер беріледі оқушылар өз жауаптарына жақын бұрышқа барып тұрып неліктен...,не себепті.... екенін айтады. арқылы 4 топ құру

қыс

күз

жаз

көктем



Бұл заттар қай кезде керек? Қандай топтар арқылы қалыптастырылғаны туралы түсінік береді.

Шаттық шебері

Қима қағаз суреттер

Сабақтың ортасы
(35 минут)

(Т) «Ойлан - жұптас -бөліс» Бірлескен оқу (Мақсаты: жеке оқу арқылы өз ойын қорытып ,жұп болып бөліседі, топтық талқылауға ұласады)
Нұсқау: Оқушылар өз беттерімен оқулықта берілген мәтінді оқып шығады.
Ауа райының болжау көрсеткіштерінің белгілерін анықтайды..
Тапсырма: Ауа райының болжауын анықтайтын шартты белгілерімен көрсет.



Ж. «Сен-маған, мен-саған» бірлесе оқыту әдісі (мақсаты ауа райы туралы өз ара пікірлесу) -Бүгінгі ауа райы туралы әңгімеле.

-Суреттен қандай ауа райын көріп тұрсың?
-Бүгін сабаққа қалай киініп келдің?
-Бүгінгі ауа райына сай киіндің бе?
-Неліктен бұлай киіндің?
-Таңертең бір жерге жиналғанда ауа райын қалай болжайсыңдар?
Қандай керемет!

Тапсырма. Берілген суреттегі бейнелерді сөйлету.

Нұсқау: ауа райына қатысты қандай халық болжамдарын білесің.



КБ. Ауа райына қатысты халық божамдарын біледі. Ынталандыру.

ЖЖ. « Изден -ойлан» әдісі (саралау) (Мақсаты: алған білімдерін қолданысқа енгізу)

Нұсқау. Суреттке мұқият қара.

Ауа райының адам өміріне қандай әсерін тигізуде?

Өзі тұратын жердің ауа райын сипаттап жаза.



ҚБ:Ауа райының адам өміріне іс-әрекетіне оң және кері әсерін анықтай алады.

Өзі тұратын мекеннің ауа-райын сипаттайды, талдай алады.

Дескриптер:

- Ауа райының адам өміріне іс-әрекетіне оң әсерін анықтай алады
- Ауа райының адам өміріне іс-әрекет кері әсерін анықтай алады
- Өзі тұратын жердің ауа райын сипаттап жазады.

Сергіту сәті.

Күркіреді күн-күн.

Терезелер шың-шың

Жауды жаңбыр топ-топ

Шелек-шелек көп-көп

Жон арқанды тос-тос

Күнбағыс тез өс-өс

ТЖ.« Шағын зеттеу » Құрылымдалған зерттеу□

Нұсқау:берілген заттармен тәжірибе жасайық.

ҚБ. Ауа райының шаруашылық іс-әрекетіне оң әсерін анықтай алады

Ауа райының шаруашылық іс-әрекетіне теріс әсерін анықтай алады



(Ө) «Көрнекілік әдіс» (Ауа райының шаруашылыққа тигізетін зардабын анықтау)

Нұсқау: Шаруашылыққа кері әсер ететін ауа райы бейнеленген суреттерді

белгіле Қолайсыз ауа райы шаруашылыққа қалай әсер етеді?

Оның қандай зардаптары бар?

Әр түрлі ақпарат көздерінен жауап ізде. Ол туралы сыныптастарыңмен

бөліс

Ауа райының шартты белгілері

Үлестірме қағаз

Дәптермен жұмыс б 61-62

<p>Сабақтың соңы (3 минут кері байланыс)</p>	<p>Рефлексия «Бес саусақ» әдісі Оқушының бір-біріне бес саусақтай бірігуіне ықпал ету Балалар параққа алақандарын қойып, оны жиегімен қаламмен айналдырып өтеді.</p> <p>Осыдан соң олар сабақ туралы мынандай сұрақтарға жауап беріп, салынған саусақтарына жазады:</p> <ol style="list-style-type: none">1.«Бас бармақ»- басты мәселе. Бүгінгі сабақта ең құнды мәселе не болды?2. «Балалы үйрек»- бірлесу. Қалай жұмыс жасадым, кімге көмек бердім, кімді риза жасадым?3. «Ортан терек»- ойлану. Мен бүгін білім мен тәжірибе алдым?4. «Шылдыр шүмек»-шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?5 «Кішкентай бөбек»-көңіл-күй ахуалы. Мен сабақта өзімді қалайша сезіндім?	
--	--	--